Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 30 naýryz 2023 jyl №13 (11 055)

Аудан әкімдігінде

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНЫП, ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Дүйсенбі күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті.

Аппарат отырысының күн тәртібі қаралмастан бұрын аудан әкімі еліміздегі аса маңызды саяси науқан - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауының жоғары деңгейде өткенін атай келе, осы саяси науқанға белсене қатысқан сайлау комиссияларының төрағаларына, мүшелеріне алғыс айтып, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берікбол Дәулетұлына аудан әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

Сонымен қатар, аудан әкімі қатарынан үш жыл бойы атап өтілмеген Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесінің жоғары деңгейде өткенін, оған атсалыс-қан мекеме басшылары мен ұжымдарына ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттар мен арнайы дайындалған мерекелік естелік сыйлықтарды табыстады.

Отырыста аудан әкімі кадрлық өзгерістерге тоқталып, жаңа тағайындалған Шет ауданы әкімі аппаратының басшысы Төлеуқұлов Нұрман Маратұлын таныстырып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі "Көктемгі әскерге шақыру жұмыстарын ұйымдастыру", "Көктемгі су тасқынының алдын алу" мәселелері қаралып, аудан әкімі бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Көктемгі су тасқынына байланысты аудан әкімі ауылкент әкімдерінен жағдайды жеке-жеке сұрап, ауыл ішіндегі және даладағы қардың еріп жатқанымен, тау басындағы, сай-саладағы қарлардың әлі күнге ерімей жатқанын, аудан көлеміндегі тоғандарға су келмегенін және өзендерде су жүрмегенін еске салып, әлі де қауіптің сейілмегенін айтып, ауыл-кент әкімдеріне тәулік бойы кезекшілікті ұйымдастырып, бақылауды күшейтуді тапсырды.

Сондай-ақ, көктемгі әскерге шақыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша аудандық қорғаныс жөніндегі біріктірілген бөлімі тарапына әскерге шақыру жұмыстары бойынша берілген жоспардың орындалмай отырғанын баса айтып, әскерге шақырылушылардың медициналық сараптамадан толық өтпеуі және жоспардың неліктен орындалмауы себепті сараптама жасап, ауыл, кент әкімдерімен жұмыс жүргізуді, әскерге шақырылушылармен кездесу өткізіп, нақты қандай себептермен жоспардың орындалмауы туралы баяндама әзірлеуді тапсырды.

Отырыста сонымен қатар, азық түлік бағасын тұрақтандыру бойынша мәселе қаралып, аудан әкімі нан бағасының өскендігі байқалып отырғанын, сол себепті ауылшаруашылығы бөліміне арзан ұн жеткізуді, ауыл-кент әкімдеріне кәсіпкерлермен жұмыс жасап, нан бағасының тұрақты болуын бақылауға алуды тапсырды.

Отырыста сондай-ақ, БАҚ және әлеуметтік желілердегі жұмыстарға қатысты сала басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден.

Шет аудандық мәслихатының төрағасы

СОЦИАЛ САЯТ

Социал Саят 1975 жылы 6 маусымда Шет ауданы, Ақшатау кеңшары, қазіргі Жарылғап батыр ауылында дүниеге келген.

Қарағанды қаласындағы «Болашақ» университетін «Құқықтану» біліктілігі бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1996 жылы Ақшатау кеңшары Ассоциациясының көлік жүргізушісі қызметінен бастаған, 2003-2005 жылдары «Женет» шаруа қожалығының жетекшісі, 2005-2009 жылдары «Шетстрой» құрылыс компаниясы директорының орынбасары, 2010-2011 жылы «АвтоБан» құрылыс компаниясының бөлімше басшысы, 2011-2022 жылдары "ШетКоммунСервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының директоры қызметін атқарған. 2022 жылдың 20 қазанында аудандық мәслихаттың хатшысы, 2023 жылдың 29 наурызында өткен аудандық мәслихаттың I сессиясында аудандық мәслихатының төрағасы болып сайланды.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Жыл өткен сайын бұқара халықтың суға дөген қажеттілігін қамтамасыз ету су тапшылығының өсуіне байланысты күрделі міндетке айналуда. Республика аумағындағы мөлдір судың қаттығы өзен-көлдердің ластануымен күшейе түсті.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Су сұрауын нақтылайтын Кодекс»мақаласынан

Аудандық мәслихатта

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың бірінші ұйымдастыру сессиясы туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2023 жылдың 29 наурызы күні аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың ұйымдастыру сессиясын шақырды.

Сессия жұмысын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берікбол Дәулетұлы Амангелдинов ашып, жүргізді.

Сессияда аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров сөз сөйлеп, жаңа құрамда сайланған депутаттарға алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Мұнан соң, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Амангелдинов жаңа сайланған депутаттарға куәліктері мен төсбелгіні салтанатты түрде табыс еткен соң, сессия өз жұмысын бастап кетті.

Алдымен күн тәртібіндегі аудандық мәслихаттың төрағалығына кандидат ұсыну мәселесі қаралып, оған депутат Саят Социалдың кандидатурасы ұсынылды. Дауыс беру нәтижесінде депутаттар бірауыздан Социал Саяттың кандидатурасын қолдап, аудандық мәслихат төрағасы болып қайта сайланды.

Сондай-ақ, экономика, бюджеттік жоспарлау, қаржы, заңдылық пен құқық қорғау және әлеуметтік салалар бойынша және құрылыс, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология бойынша екі тұрақты комиссияның құрамы сайланды.

Сессия барысында «Amanat» партиясының аудандық мәслихатының депутаттық фракциясы тіркелді.

Аудандық мәслихаттың жаңа құрамы үш партиядан тұрады. 12 депутат сайланып, 9 мандатты «Amanat» партиясы, «Ауыл» партиясы 2 мандатты және «Қазақстан Халық партиясы» 1 мандатты иеленіп, құрамы 50%-ке жаңартылды.

Жалпы депутаттық корпусты түрлі мамандықтағы адамдар қалыптастырды. Олардың араларында заңгер, кәсіпкерлер, инженерлер, ауылшаруашылығы, спорт саласының мамандары бар.

Жаңа құрамда сайланған депутаттар алдағы болатын екінші сессияда жастарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту және жастар кәсіпкерлігін қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды талқылайтын болады.

Өз тілшімізден.